

3-апта (13.12-15.12.2021 жыл)

№9 «Балдырған» кіші топ

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: Ыдыстар

**Мақсаты:** Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру, олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

**Міндеттері:**

- жиһаздардың қолдану аясымен түсіндіру;
- әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылығын түсіндіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.
- танымдық сипатта сұрақтар қою арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.12.2021	Сейсенбі 14.12.2021	Сәрсенбі 15.12.2021
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалармен амандасу, балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтарын тексеру. Денсаулықтарын тексеру. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.		
<b>Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу</b>	Ата-аналармен амандасу Ата-аналарға балаларды таңертеңгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау.		
<b>Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұшты - ұшты». <b>Мақсаты:</b> Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Қауіпсіздік ережесін сақтауларын қадағалау.	<b>Қимылдық ойын:</b> «Шаңырақ». <b>Мақсаты:</b> балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа және ұйымшылдыққа баулу.	<b>Мақал-мәтелдер айту:</b> 1. Отан оттан да ыстық. 2. Отан елдің анасы. 3. Отан үшін күрес - ерге тиген үлес.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Таңертеңгілік жаттығу кешені №4</b>		
<b>Таңғы ас</b>	Тамақты төкпей, ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.		
<b>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> "Өз туыңды тап". <b>Мақсаты:</b> көрсетілген суреттерден өз	<b>Мақал-мәтелдер айту:</b> 1. Отан оттан да ыстық. 2. Отан елдің анасы. 3. Отан үшін күрес - ерге	<b>Дидактикалық ойын:</b> "Сүйікті қаламызға саяхат". <b>Мақсаты:</b> туып - өскен қаласы туралы білімдерін бекіту.

	Отанымыздың туын тауып көрсету.	тиген үлес.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p><b>1. «Таным» Жаратылыстану Тақырыбы:</b> «Қуыршақтың ыдыс – аяғын жуамыз» (дид. ойын) <b>Мақсаты:</b> Балаларды ыдыс – аяқ түрлерімен (кесе, шәйнек, тәрелке) таныстыра отырып, белсенді сөздік қорын дамыту, алғашқы түсінік қалыптастыру. Ыдыстарды қалай қолдану керектігін түсіндіру. <b>«Шығармашылық» Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Әдемі табақ» <b>Мақсаты:</b> Берілген дайын әртүрлі пішіндерден табақты әшекейлеуге үйрету, қағаз бетіне дұрыс қоюға үйрету, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру, ыдыс-аяқ түрлерімен таныстыру, табақты әшекейлеуге үйрету, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. <b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p><b>1. «Шығармашылық» Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев, А.Асылбеков <b>Мақсаты:</b> Музыканы сезіну және жаттығулар жасауға үйрету. Аудио – бейне таспадан ән тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Хоровод» көңілді әуен. Аспапта ойнау: «Қасықтармен би» <b>2. «Денсаулық» Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ыдыстармен қуыршақтарға тамақ береміз» <b>Мақсаты:</b> Ыдыстармен қуыршаққа қалай тамақ беретініміз жайлы әңгімелесу. (Машаға қонаққа бару) 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. Бір жағы еденнен 15 см биіктікке көтерілген тақтайшаның үстімен жүруді қалыптастыру.</p>	<p><b>1. «Қатынас» Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қоянның туған күні» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ыдыстармен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Балалардың сөздік қорларын дамыту. <b>«Шығармашылық» Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Тәрелкені әшекейлейміз» <b>Мақсаты:</b> Балаларды салулы тарелке суретіне ашық сызықшаны жағу, қылқалам темірінің шетінен нақты ұстап, түгінің ыңғайына қарай бояуды алып тегіс жағуға үйрету, негізгі түстерді ажырата білуге дағдыландыру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, қылқаламмен жұмыс жасау, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. <b>Қажетті құрал-жабдықтар:</b> тақырыпқа байланысты суреттер</p>
Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне үйрету. Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету.		
Серуен	<p><b>1. Бақылау:</b> Қыс мезгілін бақылау. <b>2. Еңбек:</b> Ойын алаңындағы</p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Жолдағы көліктерді бақылау. <b>2. Еңбек:</b> Қысап қалатын</p>	<p><b>1. Бақылау:</b> Аспанды бақылау. <b>2. Еңбек:</b> Ересек балаларды бақылау. <b>3. Қимылдық ойын:</b> «Қақпан».</p>



	жапырақтарды жинату. <b>3. Қимылдық ойын:</b> «Жалаушаға қарай жүгір». <b>Мақсаты:</b> балалардың жылдамдығын арттыру. <b>4. Жеке жұмыс:</b> Сезімнен өткен өлең жолдарын сұрау. <b>5. Еркін ойындар.</b>	құстарды бақылап, оларға жем беру. <b>3. Қимылдық ойын:</b> «Маған қарай жүгіріңдер». <b>Мақсаты:</b> балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. <b>4. Жеке жұмыс:</b> Әлжаннан түстерді үш тілде сұрау. <b>5. Еркін ойындар.</b>	<b>Мақсаты:</b> балаларды шапшаңдыққа үйрету. <b>4. Жеке жұмыс:</b> Инжуден көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. <b>5. Еркін ойындар.</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау.		
<b>Түскі ас</b>	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру. "Рахмет" сөзін айтқызу.		
<b>Түскі ұйқы</b>	Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату.		
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу.		
<b>Бесін ас</b>	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.		
<b>Ойындар, дербес әрекет.</b>	Өтілген әнді балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.	<b>Үстел үсті ойыны.</b> <b>"Құрылыс ойындарын ойнаймыз".</b> <b>Мақсаты:</b> Құрылыс ойыншықтарымен таныстыру.Түстерін айтқызу.	<b>Сюжеттік ойын: "Дәрігер".</b> <b>Мақсаты:</b> әр мамандықтық иелерін құрметтеуге үйрету.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Әлжаннан түстерді сұрау.	Рахманнан қимыл-қозғалысын арттыру мақсатында қимыл жаттығуларын жасау.	Сезімнен жеке жұмыс жүргізу.
<b>Серуенге дайындық</b>	Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.		
<b>Серуен</b>	<b>1.Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Күн мен түн».	<b>1.Бақылау:</b> Ағаштарды бақылау. <b>2. Қимылдық ойын:</b> «Ақ	<b>1.Бақылау:</b> Қысқы өзгерістерді бақылау. <b>2.Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа

	<p>Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p>коян».</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>3.Еркін ойындар</b></p>
<p><b>Балалардың үйіне қайтуы.</b></p>	<p>Ата-аналарға балаларға өтілген өлең жолдарын үйден қайталатып жаттатуларын сұрау.</p>	<p>Үлкен, кіші мағынасын балаларға үйдегі немесе үйге барар жолдағы заттарды көрсете отырып үйретулерін сұрау.</p>	<p>Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айту.</p>